

"Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 1139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 қаңтарда № 26485 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10308 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты ресми интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Әділет министрі*

М. Бекетаев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

2021 жылғы 31 желтоқсандағы
 № 1139 бұйрығына
 қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2015 жылғы 22 қаңтардағы
 № 32 бұйрығымен
 бекітілді

Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

№	Талаптары	Құжат
p/c	1	2
1	Қазақстан Республикасының азаматы	жеке басын куәландыратын құжат
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес жоғары білімінің болуы. Шетелдік білім мекемелері берген дипломдар үшін, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімінен өткендігі туралы мәлімет	диплом
3	Мына талаптардың біріне сәйкес келуі: 1) жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға аттестаттауды сәтті тапсыру 2) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсыру, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірінің болуы 3) судья лауазымында болу, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9),	1) жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға аттестат 2) Біліктілік комиссиясының қорытындысы 3) еңбек қызметін растайтын құжат, Президент Жарлығы 4) еңбек өтілін растайтын құжат, қызметтік тізім

	<p>10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттігін тоқтатқан адам болу</p> <p>4) прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде бес жыл еңбек өтілінің болуы</p> <p>5) атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдарда кемінде екі жыл еңбек өтілінің болуы</p>	<p>5) еңбек өтілін растайтын құжат, қызметтік тізім</p>
4	<p>"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағында белгіленген шектеулер жоқ</p>	<p>ақпараттық жүйеден алынған электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мәліметтер нысаны</p>

* Ескертпе: Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің дерекқоры құжаттар тізбесінде көзделген материалдар бойынша алынатын ақпарат көзі болып табылады.